



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

« 17 » 11 2022 жылғы №145

Астана қаласы

**Астана қаласы колледждерінде
қазақ тілін оқытудың үздік әдістемесін
анықтау бойынша комиссия
құрамын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым, ақпарат және әлеуметтік даму министрлерінің «Елдегі этностардың мемлекеттік тілді меңгеру тиімділігін арттырудың жол картасын бекіту туралы» 2021 жылдың 22 шілдесіндегі №355 бірлескен бұйрығы негізінде қазақ тілін оқытудың үздік әдістемесін анықтау және тарату мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Астана қаласы техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері үшін «Қазақ тілін оқытудың үздік әдістемесі» қалалық байқауы 2022 жылдың 22-24 қарашасы аралығында жүргізілсін.

2. Төмендегі құрамда комиссия құрамы бекітілсін:

Алишева И.С. - Астана қаласының Әдістемелік орталығының техникалық және кәсіптік білім беру бөлімінің басшысы, комиссия құрамының төрайымы.

Комиссия құрамының мүшелері:

- Исина Н.С. - Астана қаласының Әдістемелік орталығының техникалық және кәсіптік білім беру бөлімінің әдіскері;
- Сейдахметова Б.К. - Астана қаласының Әдістемелік орталығының техникалық және кәсіптік білім беру бөлімінің әдіскері;
- Ғалымжанова Ф.Б. - «Өрлеу» біліктілікті арттыру Ұлттық орталығы Астана қаласы бойынша ПҚБАИ, жаратылыстану және гуманитарлық пәндерді оқыту әдістемесі кафедрасының аға оқытушысы(келісім бойынша);
- Нұрмаханова Ж. Б.. - «Парасат» тілдерді оқыту орталығының жоғары санатты қазақ тілі және қазақ әдебиеті пәнінің оқытушысы;
- Нуркасымова А. Б. - № 26 мектеп–гимназиясының қазақ тілі және қазақ әдебиеті пәнінің оқытушысы, педагог-зерттеуші;

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Әдістемелік орталық басшысының орынбасары Д.Д. Байтасовқа жүктелсін.

Басшының м.а.

000028

С. Дауешова